

болысына тұратын Ақандай саңлағың келсе, көрінгенің құзғындай саңғып, қарғадай шүкісын. Ақан көл еркесі аққуың, көк еркесі сұңқарың емес пе?! Ол қарауыл да, керей де емес, үш жүзіне ортақ ерке серің, қазағыңның атын тамылжыған әнімен аспанға шығарар бұлбұлдың емес пе?» [4, 355-356].

Өзінің даму жолында қай халықтың әдебиеті болмасын әлем аренасында өзінің көркем құндылықтарымен, өзгеге ұқсамайтын салт-сана, дүниетанымымен ерекшеленеді. Қаламгер С.Жүнісов қоғамның шындық бейнесін жасау арқылы тарихи процестегі жеке адам тағдырын, трагедиялық жағдайын қазақ ұлтының болмысы аясында суреттеді.

Әдебиеттің зерттеу объектісі – адам болғандықтан қаламгер тарихи факті негізінде шындық құбылысты жинақтау арқылы Ақан серінің типтік бейнесін қалыптастырып, болмысын, мінез-құлқын даралап, өз ортасынан оқшау тұлға ретінде бейнеледі.

С.Жүнісов қалам тартқан көркем шығарманың идеялық-эстетикалық мәнін автор мен басты қаһарман арасындағы тұтас бірліктен көреміз. Ерте заманнан адам баласының айға, күнге табынуы, табиғаттың тылсым күшінен нәр алуына зер салсақ, Ақанның «адам перісі» атануы да ғажап құбылыс. Адам жанынан таба алмаған қамқорлықты, жанашырлықты Ақан Қоскөлдi қимай жағалап жүрген Атақаздан іздейдi. Қанат қайырылып жанұшырған құс тағдыры – Ақанның тағдырындай. «Жалғыз қараша қаз түні бойы қаңкылдай-қаңкылдай шаршады ма екен, әлде тіршіліктен енді күдер үздіме екен, тағдырына мойынсұнып төніп қалған өлімді мойындағандай анда-санда бір қиқ етіп әлсіз үн қатады» [9, 395].

Қаламгер Ақан серінің өмір жолымен ұлттық рухтың, салт-дәстүрдің, ұлттық тұрмыс-тіршіліктің, ұлттық ойлау жүйесінің белгілерін саралап, қазақ прозасындағы сал-серілер тұлғасын дер кезінде айқындап берді.

С.Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясы – философиялық тереңдігімен, кез-келген адам көне беретін нәрсе емес қой, өткен-кеткен көре берсе не болады? Оны құдіреттің немесе халықтың гуманизм тұрғысынан адам рухының, қасиеттерінің құндылығымен, бір ұлттың рухани келбетін көрсете алатын Ақан сынды типтік бейнені сомдаған өнер туындысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ғабдуллин Н. Қаһарман және ұлттық сипат. //Жұлдыз, 1971, №10
- 2.Сәкен сері (Жүнісов С.) Ақан сері – алыстардың бірі. //Егемен Қазақстан, 1993, 31 шілде
- 3.Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы, Ғылым, 2001, 448 б.
- 4.Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. Алматы, Жазушы, 1981, Т. 1. Бірінші кітап. Ақан сері. Роман. 368 б.
- 5.Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. Алматы, Ана тілі, 2005, 128 б.
- 6.Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер (Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаев З.). Алматы, Жазушы, 1989, 448 б.
- 7.Әбдезұлы Қ. Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80-жылдардағы қазақ прозасы. //Фил. ғыл. докторы ғыл. дәреж. алу үшін жаз. дисс. Алматы, 2003
- 8.Әдібаев Х. Талант, талғам, тағдыр. Алматы, Жазушы, 1971, 256 б.
- 9.Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Алматы, Жазушы, 1981. Т. 2. Екінші кітап. Ақан сері. Роман. Повесть және әңгімелер. 472 б.

Жеңісова А.А., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті, философия және психология факультеті, Пс-31, студент
(*Ғылыми жетекші – психология магистрі, аға оқытушы Бурленова С.О.*)

ЖАСӨСПІМ ТҮЛҒАСЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ФАНАТИЗМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Қазіргі заман жағдайында музыкалық фанатизм мәселесі ерекше маңызды өзектілікке ие болып отыр. Бұл бірінші кезекте қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестердің сипатына байланысты. Қазіргі уақытта музыкалық фанатизм бірыңғай психологиялық тұжырымдамада көрінісі жоқ болып табылады. Зерттеушілер субъектілердің жас ерекшеліктері мен жеке бастарының қасиеттерін ескерместен, қарастырылатын құбылыстың жекелеген аспектілеріне ғана жүгінеді.

Біздің зерттеуіміздің негізгі гипотезасы – музыкалық фанатизмге бейімді және фанатизмге, фанаттарға қатысы жоқ жасөспірімдердің тұлғалық қасиеттері арасындағы айырмашылықтар. [1]

Музыкалық фанатизмді зерттеу барысында біз көптеген әдебиеттерге шолу жасап, сонымен қоса әлеуметтік – психологиялық феномен және әлеуметтік – бұқаралық құбылыс ретінде осы құбылысқа талдау жасап, тарих бойы осы музыкалық фанатизмді қабылдау спецификасын анықтадық.

Философия және психология ғылымдарында фанатизм мәселесін зерттеу ең алдымен сенім феномені және сезім, сонымен қоса эмоция және аффект (Б. Спиноза, Д. Юм, Э. Фромм) феномені талдаумен байланысты болды. Фанатизм феноменін ұғыну үшін діни ойшылдардың (П. Бейль, Н. Булгаков, П. Флоренский, В. Франкл), сонымен қатар психоанализ өкілдерінің (З. Фрейд, Э. Фромм, К. Юнг), және де бұқаралық психологияны зерттеушілердің еңбектеріне (Г. Лебон, С. Московичи, Г. Тард) жүгіндік.

А. Бандура, Р. Чалдини, С. Милграм, Г.М. Андреева және басқа да әлеуметтік психологтар фанатизм феноменінде ең бастысы әлеуметтік ықпал ету мәселесі болып табылатынын, және оның көмегімен адамдарда айла-шарғы жасау мүмкіндігі жеңілдетілетінін атап кетті.

Бүгінгі күні фанатизм тек діни салада ғана емес, сонымен қоса поп-мәдениет пен рок-мәдениеттің жаппай таралуы музыкалық фанатизмнің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Біз музыкалық фанатизмнің психологиялық белгілерін және олардың музыкалық фанатизмнің одан әрі қалыптасуына ықпал ететін жасөспірім тұлғасының негізгі әмбебап қасиеттерін анықтадық.

Оларға мыналар жатады: өте бір аса қызығушылықтың болуы, яғни өзінің табынатын адамына (кумир), сол табынатын адамына "байланып қалу", өз мүдделері мен кумир мүддесіне ұмтылудың стереотипін жасау, жоғары жеке мазасыздық, фанаттар топтарының психологиялық заңдары бойынша әрекеттер жасау, кумирдің пікірлері мен мінез-құлқына сын көзбен қарау қабілетсіздігі, қарым-қатынастың тарылуы, арефлексивтілік, айналасындағыларға төзбеушілік (агрессияға дейін), экзальтация.[2]

Музыкалық фанатизм туралы қазір жеке ойлар мен басымдықтар негізінде құрылатын ойлар әлеуметтік психология саласында айтылады.

Адамға қажетті Маслоу ұсынған қажеттіліктердің иерархиясына сәйкес, белгілі бір топтарға деген ерекше көзқарас пен сүйіспеншілік адамдық қажеттілік болып табылады. Алайда, психологтар ішкі әлемді парадокс басқаратынын көрсетеді, бұл дегеніміз жеке тұлға болу және әлеуметтік ортаға ықпал етуге ұмтылумен қатар жеке дарындарды ашу ниеті. Осы парадокс адамға қоғамда қалыпты өзара іс-қимыл жасауға, өз мақсаттарына қол жеткізуге және басқалардың туындыларынан ләззат алуға мүмкіндік береді. Музыкалық фанатизм (сериалдарға шамадан тыс махаббат сияқты) өмірлік проблемалардан жасырынып, қызықты саланы табуға мүмкіндік береді. Өйткені адам өзіне қызықты ақпаратты іздейді, және іздеп қана қоюмай өзіне ұнайтын, қызығатын іс-әрекетпен шұғылданады. Осылайша, фанат тыныштық, қауіпсіздік сезімін сезіне алатын ерекше "жайлылық аймағына" айналады.

Біз өткізген теориялық шолу негізінде, біз музыкалық фанатизмді қалыптастыруға ықпал ететін жасөспірім тұлғасының келесі қасиеттерін анықтадық:

- Жеке тұлғаға ешқандай басқа мүдделер үшін орын қалдырмайтын бір аса қызығушылықтың болуы. Адам өмірінің маңызды элементі-адам санасын белгілі бір жолмен бағыттайтын жетекші идея, маңызды құндылықты жүктейтін нәрсеге әуес.

- өзінің табыну (кумиру) объектісінде ғана зейін шоғырландыру. Идеалға сену-аса жоғары қызығушылығы бар адамның тілегі мен ұмтылысының басты мақсаты. Ол жай ғана өз сезімдерін талдауға ұмтылмайды, ол жай ғана кумирден басқа ештеңе және ешкімді көрмейді.

- Жеке қызығушылықтары мен музыкалық ұжымның/кумирдің мүдделеріне ұмтылу стереотипін жасау. Аса құнды әуестік сананың барлық "кеңістігін" толтырып, оған оңай бағынуға болады. Кумир субъектінің тұлғалық бағдарларының орталығына айналады. Егер өз идеалы үшін бірдеңе істеу қажет болса, онда бұл мүдделер кез келген қағидаттардан гөрі маңызды болады.

- Жоғары жеке мазасыздық. Үлкен күшке жеткен аффектілік сезімдерді бастан кешіреді.

- Фанаттар топтарының психологиялық заңдары бойынша іс-әрекеттер. Адам қандай да бір әлеуметтік топқа жатуға және оны мойындауға тырысатындықтан, әлеуметтік әсер көп жағдайда белгілі бір топқа кейбір психологиялық тәуелділіктің алғышарттары болып табылатын икемділік пен кереғарлықты дамытады.

- Кумирдің пікірлері мен мінез-құлқына сын көзбен қарауға қабілетсіздігі. Егер адам өз кумирінің абсолюттілігі мен ерекшелігіне сенімді болса, онда ақыл-ойдың дәлелдері оны қызықтырмайды.

- Қарым-қатынастың тарылуы. Жасөспірімдер кезеңінде құрдастарымен таңдамалы қатынастары қалыптасады, жыныстық қатынас қажеттілігі қалыптасады. Жасөспірімдер фанаттар тобымен қарым-қатынас арқылы бір-біріне бірегейлікті жоғалту сезімінен құтылуға көмектеседі, "өздерін, өз идеалдарын және ортақ жауларын стереотиптей отырып".

- Арефлексивтілік. Сананың рефлексивтілігімен салыстырғанда ойлаудың кейбір "аңқаулықтың" болуы. Арефлексивтілік бірденені саналы түсіну үшін сананың тұйықтығын болжайды.

Қоршаған ортаға төзбеушілік, агрессияға дейін жетеді. Бұл жағдайда тұлға (топ) таңдаулылық немесе басқалардан артықшылық сезімін алады.

Музыкалық фанатизмнің көптеген түрлері бар. Мысалға, К-роп, Q-роп, рок мәдениеті, қазақша әуендердің фанаты, орысша, шетелдік әндердің фанаттары және т.б [3]

Мен осы мәселеде жастардың фанатизмге деген көзқарастары қаншалықты екенін зерттеу барысында кішігірім зерттеу жұмысын жүргіздім. Зерттеу жұмысы Қарағанды облысы Шет ауданы Киікті ауылындағы С.Мұқамеджанов атындағы ЖОББ мектебінің 10-11 сынып оқушыларынан алдым. Жалпы сыналушылардың саны 27 оқушыны құрады. 10 сыныпта 15 оқушы болса, 11 сыныпта 12 оқушыдан алынды. Жоғарыда айтылып кеткен фанатизм түрлері бойынша 11 оқушы К-роп-тың фанаты, 9 оқушы Q-роп-тың фанаты, рок мәдениеті бойынша 1 оқушы, қазақша әуендер бойынша 4 оқушы, шетелдік әуендер бойынша 2 оқушы фанаты болып табылды. Бұл зерттеу жұмысы анкета жүргізу әдісі арқылы алынды.



1 сурет. Музыкалық фанатизмге бейім оқушылардың көрсеткіштері

Музыка біздің өмірімізде адамның өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету жөніндегі өмірлік білім. Музыканы түсіну мен түйсіну оны тынысымен, бұлшық еттерімен, қозғалысымен сезіну. Негізгі акцент балаларға классикалық туындылар арқылы интеллектуалдық тәрбие беру. Бұл шығармалар оқушылардың оқу кезінде түрлі кезеңдерде қайталанатын. Классикалық музыканы музыкалық терапия мақсатында қолдана отырып, қазіргі бағыттағы әндерін де қасиетін ұмытпаған жөн, яғни бұл рок, джаз. Пластикалық импровизация балалардың музыкаға деген эмоциялық дамуының жалғасы. Көбінесе, музыкалық терапияны жүргізетін педагог пластикалық импровизациясы үшін музыкалық образы ашық, айқын ашылатын музыкалық шығарманы таңдағаны жөн [4].

Қорытынды жасайтын болсам, Ұлы Абайдың «Әннің де естісі бар есері бар» дейтін дана сөзі бар. Әуеннің иіріміне түскен толқын құлақтан кіріп бойыңызға тараған кезде түрлі әсерде боласыз. Дегенмен әр музыканың адамға әртүрлі әсер ететінін ескеру керек. Себебі музыканың бәрі бір жанрға негізделмейді. Олардың: хип-хоп, джаз, лирикалық, рок, рок-н-ролл сынды көптеген жанры бар. Әр жанрдың толқыны түрлі болады. Адам қандай жанрда музыка тыңдаса да ең бастысы әуенге деген махаббаты магнитше ұстап тұрады. Бұл – барлық адам баласына тән қасиет. Ал бұл қасиеттің адам баласына әсер ету күші қандай, неге өзімізге ұнайтын музыканы тыңдай бергіміз келеді, жауап іздеп көрсек.

Бұл ғана емес түнгі клубтарда қойылатын музыкалардың толқынына еріп кетсеңіз өзіңізді таппай қалатын деңгейге жетесіз. Кейбір әндердің әуендері ғана емес сөздері де адамға әсер

етеді. Оның әсерінен адам мәңгілік «түнекке» енуі мүмкін, өзіне қол жұмсауы да ғажап емес. Әр ритмге, әр әуенге селқос қарамаңыз. Себебі адам миы мен жүрегі сезімтал және сырттан келетін кез келген дүниені қабылдауда белсенді. Бәрін өзіңізге жақын тарта берсеңіз аурып қалуыңыз да мүмкін. Музыканы да талғаммен тыңдай біліңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердяев Н.А. О фанатизме, ортодоксии и истине // Человек. — 1997. — № 9. — С. 35—47.
2. Варегина О.А. Методика исследования формирования музыкального фанатизма // Вестник университета (Государственный университет управления). — 2009. — № 32. — С. 19—21.
3. Варегина О.А. Музыкальный фанатизм как сверхценное психологическое увлечение личности // Вестник университета (Государственный университет управления). — 2009. — № 22. — С. 24—25.
4. Леонгард К. Акцентуированные личности / Пер. с нем. В.М. Лещинской; под ред. В.М. Блейхера. — 2-е изд. — Киев: Выща шк., 1989.

Жоржева А.А., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, филологический факультет, гр. РФ-41, студентка
(*Научный руководитель — к.ф.н., доцент Токсанбаева Ш.А.*)

ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЕ ПОЛЕ КОНЦЕПТА «ПЕТУХ» В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Язык – естественный природный «инструмент» народа, посредством которого отражается его культура. Понятия «язык» и «культура» не могут существовать друг без друга, они являются взаимодействующими и взаимообусловленными элементами. Культура народа складывается только при условии целостности этого народа, а не его разрозненности; культура не может формироваться без социального единства. Язык же, в свою очередь, - «мощный фактор социализации, может быть, самый мощный из существующих. Под этим понимается не только очевидный факт, что без языка едва ли возможно серьезное социальное взаимодействие, но также и тот факт, что обычная речь выступает в качестве своеобразного потенциального символа социальной солидарности всех говорящих на данном языке» [1, 231]. Язык выступает не только как средство коммуникации частных лиц, но, прежде всего, как средство выражения социальной деятельности народа, его ментальной активности, то есть формирования культуры: «Истина заключается в том, что язык является совершенным средством выражения и сообщения у всех известных нам народов. Из всех аспектов культуры язык, несомненно, первым достиг высоких форм развития, и присущее ему совершенствование является обязательной предпосылкой развития культуры в целом» [1, 231]. Сепир Э. писал, что «у языка есть свое окружение. Народ, на нем говорящий, принадлежит к какой-то расе (или нескольким расам), то есть к такой группе человечества, которая своими физическими свойствами отличается от прочих групп» [1, 231]. Эту мысль развил Воробьев В.В., отмечая, что «необходимо изучать язык в теснейшей связи с «культурными зонами» и господствующими идеями народов, их совместного мыслительного творчества. Будучи одним из признаков нации, ее «социального взаимодействия», язык представляет собой главную форму выражения и существования национальной культуры» [2, 12].

Культура так же, как и язык является сложной знаковой (семиотической) системой знаний, способной, прежде всего, накапливать информацию. Главная черта культуры как системы знаний – память, то есть главная функция культуры – хранение информации о народе. Определив функцию культуры, может быть выдвинуто ещё одно подтверждение неразрывной связи языка и культуры: культура не способна к самоорганизации в отличие от языка, и именно язык аккумулирует знания, которые культура хранит в себе. Человек же в стремлении к освоению культуры не может достичь этого без помощи языка: «Личность без стремления к своей абсолютной уникальности не может обойтись без общения... Поэтому «язык - нация (национальная личность) - культура» - центральная триада лингвокультурологии, фокус, в котором сходятся и могут быть решены важнейшие проблемы этой отрасли науки» [2, 13].

В концептосфере каждого этноса выделяются константы, устойчивые и более значимые для национальной культуры - ключевые концепты. Эти единицы картины мира важны и для языковой личности, и для лингвокультурного сообщества. Язык в лингвокультурологии – орудие формирования концептов в сознании человека.